

Алматы қаласы
Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК
Байқау кеңесінің
«2» мамыр 2023 жылғы
№ 3 хаттамасының
шешімімен бекітілген

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы
Ереже

Алматы қ. 2023 жыл

1 Тарау. Жалпы ережелер

1. 1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№ 17 Қалалық емхана» КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді. «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» № 802; Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы типтік ережені бекіту туралы» (бұдан әрі - Типтік ереже).

2. Осы Ереже Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№ 17 қалалық емхана» КМК (бұдан әрі - № 17 ҚЕ) №17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын атқаратын құрылымдық бөлімшелердің немесе тұлғалардың мақсатын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже №17 ҚЕ ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

4. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - №17 ҚЕ барлық қызметкерлердің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мүдделер қақтығысы - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

8) комплаенс-офицер лауазымына қойылатын біліктілік талаптары:

- жоғары заңгерлік және/немесе экономикалық білімнің болуы;
- жалпы жұмыс өтілі кемінде 10 жыл;
- комплаенс-офицер лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;
- кемінде 24 сағат көлемінде «ISO 37001 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және комплаенс» сертификатының болуы.

5. № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты тұлғалар айқындалады, оның негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын атқаратын жауапты тұлға мүдделердің әлеуетті қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты тұлғалар № 17 ҚЕ байқау кеңесінің шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда № 17 ҚЕ басшысы айқындайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін атқарушы органға, № 17 ҚЕ лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, есеп береді, байқау кеңесіне береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның Алматы қаласы бойынша аумақтық бөлімшелері корсетеді.

9. Еңбек демалысы, іссапар, аурухана парағында болуды қоспағанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын № 17 ҚЕ басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен біріктіруге жол берілмейді.

10. Егер Заңда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға осы Ережеде көзделмеген талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді № 17 ҚЕ байқау кеңесі бекітеді.

2 Тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттар, міндеттері, ұстанымдары, қызметі және өкілеттіліктері

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты № 17 ҚЕ қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) № 17 ҚЕ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуді қамтамасыз ету;

2) № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

13. № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттілігін ұдайы арттыру.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) әзірлемелерді қамтамасыз етеді:

№ 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ішкі саясаты;

№ 17 ҚЕ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықтарды;

№ 17 ҚЕ мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу ішкі саясаты;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралардың ішкі жоспарын;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы № 17 ҚЕ қызметкерлерін хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжатты;

корпоративтік этика және мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжатты;

2) № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) Типтік қағидаларға сәйкес № 17 ҚЕ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен № 17 ҚЕ бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін № 17 ҚЕ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

5) № 17 ҚЕ анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің және оларды митиғациялау және жою бойынша қабылданатын шаралардың мониторингін жүзеге асырады;

6) № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) № 17 ҚЕ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) № 17 ҚЕ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) № 17 ҚЕ ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу, оның ішінде жұмысқа орналастыру, сатып алу және № 17 ҚЕ бизнес-процестері мәселелерінде шаралар қабылдайды;

13) № 17 ҚЕ сыйға тарту және сыйлық алу мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

16) № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг және талдау жүргізеді;

17) № 17 ҚЕ құрылымдық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша № 17 ҚЕ құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

19) № 17 ҚЕ бірінші басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, № 17 ҚЕ қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

20) егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын тудырмаса, № 17 ҚЕ қызметінің ерекшелігіне қарай комплаенс, іскерлік этика, орнықты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

15. № 17 ҚЕбайқау кеңесінің шешімімен, ал ол болмаған жағдайда № 17 ҚЕ бірінші басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысын тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімі, сыйақы мөлшері және еңбекақы төлеу шарттары айқындалады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша № 17 ҚЕ бірінші басшысының шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбекақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен не Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын құжаттармен айқындалады және № 17 ҚЕ бірінші басшысы бекітеді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы № 17 ҚЕ Бақылау кеңесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныс береді.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан № 17 ҚЕ басқа құрылымдық бөлімшелеріне, ведомстволарға және ведомстволық бағынысты ұйымдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жіберілетін құжаттар мен сұрау салуларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруы қажет.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметі шеңберінде:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) өздерінің құзыретіне жататын мәселелерді № 17 ҚЕ Байқау кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық етеді;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылық туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) № 17 ҚЕ басшыларынан және басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі не № 17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізу фактілері туралы № 17 ҚЕ қызметкерлеріне хабарлау үшін хабарлау арналарын құрады;

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде

белгілі болған № 17 ҚЕ және оның аффилиирленген тұлғалары туралы ақпараттың, инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

2) сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша корпоративтік этика кодексін және өзге де ішкі құжаттарды бұзу фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) директорлар кеңесін, байқаушы кеңесті (ол болған жағдайда) немесе № 17 ҚЕ өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда № 17 ҚЕ басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына жеткізеді дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың белгілі болған жағдайлары туралы сыбайлас жемқорлықты;

5) № 17 ҚЕ белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

24. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлері араласпауы керек:

1) олар алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіруі немесе осындай залал келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін қызметке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін пайдалануға;

4) іскерлік әдеп нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына залал келтірілуі мүмкін не осындай залал келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдауға және қызметтерді пайдалануға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға құқылы.

25. № 17 ҚЕ басшылығына қажет:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға ықпал етуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарды іске асыруға жәрдемдесуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруға, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен (қажетті деректер базасына қол жеткізу) және өзге де тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етуге;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің

қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруге міндетті.

26. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің № 17 ҚЕ құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық және дұрыстық негізінде құрылады.

27. № 17 ҚЕ субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке:

1) осы Ереженің 13-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3-Тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есеп беруі

28. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын №17 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша № 17 ҚЕ қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

29. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет № 17 ҚЕ Бақылау кеңесінің алдында кезеңді түрде есеп береді.

№ 17 ҚЕ басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңының 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.